

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Журналистика кафедрасы

**ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТ ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№4 ХАТТАМАСЫ**

16 сәуір 2024 жыл

Түркістан қаласы

Қатысқандар: ф.ғ.к., доцент м.а. Бельдибекова Ә., ф.ғ.к., профессор Сердәлі Б., аға оқытушы Сәдібеков А., «Түркістан» газетінің редакторы Дәулетов М., студент Тәжібай Н., студент Абдимутали Е.

Күн тәртібінде:

1. ББ мазмұнын арттыруға байланысты кафедраның мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

1) Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, студенттердің білімі мен біліктілігін қалыптастырып белсенділігін арттыруға арналған. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында оқытудың жаңа технологиялық әдістерін пайдалану студенттердің білім деңгейін заман талабына сай арттыруға бағытталған.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлесі қалыптасуда. Бұл процесі білім программасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол балаға өзін-өзі өзектендіруге, өзін толықтыруға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Дене Декарттың трактатында: «Өзін-өзі тану жолындағы еңбек - ең құнды еңбек», деп көрсетілген. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік, дағдысын емес, оның тұлғасын, білім арқылы дамуын қамтып отыр. Қазіргі уақытта оқытушылық ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, оқу үрдісіне еңгізу. Сол себептен де білім беру саласы қызметкерлерінің алдында – оқытудың әдіс-

тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы оқытушыикалық технологияларды меңгеру міндеттері қойылып отыр.

Ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушыдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми – оқытушыикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Жаңа оқытушыикалық технологияны меңгеруге оқытушыдерді даярлау – оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс

- әрекеттің нәтижесі болып табылады. Оқытудың жаңа технологияларының принциптері – оқытудың ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты жетік маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының өзін-өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі.

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында оқытудың жаңа технологиялық әдістерін пайдалану студенттердің білім деңгейін заман талабына сай арттырады.

Мақсатты: Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, студенттердің білімі мен біліктілігін қалыптастырып белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

- Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында әдіс-тәсілдерді енгізу және студенттердің білімі мен біліктілігін қалыптастыру;

- Студенттердің танымдық қызығушылығын және білім сапасын арттыру;

- дәстүрлі білім беруге қарағанда студенттердің алған білімді жүйелеу;

- Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында оқытушының уақытын үдемдеу және оқытуда тиімді пайдалану.

Қазақ халқы өз еркін өз қолына алып, өз болашағы болып табылатын болашақ жастарды білім мен тәрбие ісіне көңіл бөліп, өзіндік бағыт ұстап, жасампаздық жолға меңзейтін әдістер ұсынуда. Солардың бірі:

- Өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу.

- Студенттердің санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Сондай – ақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт дәстүрін меңгерту.

- Әр студенті дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиетдарыту, оларға өздігіненбілімдерінтолықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушыдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-оқытушыикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін

калыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару студенттердің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған оқытушыикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа оқытушыикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқытушыикалық үдерісті ұйымдастыру модульдері:

1.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.

4. Білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

6. Студенттердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер: Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

«Диалог негізінде оқыту және оқу» және метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйретуді» қарастырады. Білім беру әдістері ішінде ерекше орын алатыны-диалог. Диалог студенттердің сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Әр түрлі тақырыпта диалог кұрғызу мынадай нәтиже береді:

*сабақта белсенділік жоғарылайды;

*сөздерді есте сақтау қабілеті дамиды;

*дұрыс сөйлемдер кұрауға дағдыланады;

*оқуға қызығушылықтары артады;

«Қалай оқу керектігін» үйретудің қозғаушы күші метатану болып табылады. Метатану индивид қалай ойлайтынын қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту қабілетін түсінеміз. Білім алуды үйрету өз бетімен оқуды ойластыру және ойлау нәтижелерін сабақта қолдана алу үдерісі болып табылады. Бұл үрдісінде оқытушы студентке:

○ білім міндеті қоятын талаптарды түсінуге;

○ жеке ойлау үрдісін және олардың жұмыс қағидаттарын зерттеуге;

○ міндеттерді орындау стратегияларын әзірлеуге және

ойластыруға:

○ нақты міндет үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектеседі.

2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту»

бағдарламасы бойынша ол:

- шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;

- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімге қабылдауға күштарлық;

- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану төмендегідей нәтиже береді:

- білім алушының белсенділігін арттыру;

- пәнге қызығушылығын ояту;

- өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру;

- зерттеуге икемділігін дамыту;

- сөйлесім әрекеті белсенділігін арттыру;

- білім алушылар бір - бірімен қарым - қатынас жасай біледі;

- басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға.

Жалпы, сыни тұрғыдан ойлайтын студенттар белсенді болады, олар сұрақтар қойып дәлелдерді талдайды.

2) Профессор Б.Сердәлі Қоғам дамуында жоғары оқу орны маңызды рөл атқаратыны айтпаса да түсінікті, деп бастады мәжілістегі сөзін. Осыған байланысты алдымызда оқытушылардың кәсіби-тұлғалық келбетін толыққанды қалыптастырудың іргелі міндеттері тұр. Өйткені, бүгінгідей жаһандану үрдісінде ескі әдіс-тәсілдерді қолдану тоқырауға ұрындырады, ал жаңашылдыққа ілесу өте қиын. Оқытушы курстық даярлықтан жоғары оқу орнын тәмамдаған соң үш-бес жылдан кейін ғана өтетінін ескерсек, проблемаларды кешенді түрде шешу арқылы ғана табанды нәтижелерге жете аларымыз анық. Осы тұрғыдан әңгіме қозғайтын болсақ, оқытушылар қоғамда кәсіби құзыреттілігімен, азаматтық белсенділігімен, саяси сауаттылығымен, көшбасшылығымен, «зияткерлік адалдығымен» ерекшеленуі тиіс. Биылғы оқу жылы ұстаздар қауымы үшін өзгеше лептыныспен басталды. Сала жүйесі мазмұнының өзгеруі оқытушылардың кәсіби-бағдарлық білімін арттыруға бағытталған. Осыған орай біліктілікті арттыруда тікелей оқытудан жеке байланыс арқылы білім жүйесіне ауысу өз жемісін беретініне сенімдіміз. Оқытушылардың кәсіби дағдысын дамыту үшін кафедра оқытушылары корпоративтік және ұжымдық оқыту, белгілі ортамен жағымды әрекеттестік, оқу әрекетін жеке құру мен өзіндік дамытуды үйрету, ментальды карт пен портфолио, тағы басқа технологиялар кеңінен қолданылады. Бұл әдістемелер заманауи білім берудің сұраныстарына сай мұғалім мен оқушы тұлғасының эмоциялық көңіл-күйін, ойлау мен есте сақтауын өмірлік және әлеуметтік дағдылармен біріктіруге зор мүмкіндіктер береді. Мұндай ізденістер елімізде білім беру мазмұнын жаңарту бойынша енгізіліп жатқан айлық курстарда жүйелі қарастырылады. Ұлы ойшыл Конфуцийдің: «Ескіден қол үзбей-ақ жаңалықты аша білген ғана жақсы

мұғалім болады», деген сөзі бүгінгі біліктілікті арттыру жүйесіне сай келеді. Заманға сай біліктілікті арттыру мақсатында білім беруді жаңарту үдерісін үзілді-кесілді нұсқаулыққа және жалаң ұранға айналдырмай, қарқынды және қызықты, мазмұнды жұмыспен толықтыру маңызды.

3) Болашақтағы кафедраның материалдық-оқу базасын дамыту саласында жеке адамды қалыптастыру мен оның өзіндік қасиеттерін жан-жақты дамытуға бағытталған бүгінгі таңдағы оқу процесінің ең тиімді қажеттіліктерін ескеретін бірнеше бағыттарды атап көрсетуге болады:

Студенттердің түрлі хабарлар көздеріне еркін араласу мүмкіндіктері:

олардың қатарына интернеттің барлық информациялық ресурстары, СВ - ЯОМ және т.б;

алынған хабарларға байланысты түрлі қызметпен айналысу мүмкіндігі. Атап айтқанда: қайтадан нұсқаулар беру, монтаждау, көрнекі құралдардың әр түрлерін пайдалану (графикалық, дыбыстық және т.б.);

қажетті оқу жүйелерінде интерактивтік (өте белсенді) сипаттамалардың болуы.

Кафедраның материалдық-оқу базасы (МОБ) қалыптасқан жағдайларға байланысты түрлі өзіндік шешімдерге ке-ліп отырады. Мысалы, оқу формасына байланысты (күндізгі оқуда - компьютерлік коммуникация немесе интерактивтік теледидарға негізделген дистанциялық (қашықтан) басқару). Бүгінгі таңда оқу процесінде кеңінен қолданылып жүрген және қазіргі әлеуметтік сұраныстарға нақты жауап бере алатын жаңа информациялық технологияның (ЖИТ) төрт басты бағытын атап көрсетуге болады: тексттік редакторлар мен баспа технологиясын қолдану; телекоммуникациялар; гипертекстілер мен интерактивтік (өте белсенді) мультмедиа; компьютерлік робот техникасы.

Сонымен қатар қазірдің өзінде радио толқынды компьютер-лік технологияны, виртуальдық шындық технологиясын жасау жөнінде шешімдер қабылданған. Ал оларды ойдағыдай жүзеге асырудың арқасында бұрыннан қалыптасқан информациялық технология саласында қосымша және түбегейлі өзгерістерге айқара жол ашылады. Дегенмен де, бұл технологиялар, әсіресе виртуальдық шындық технологиясы педагогтардың ғана емес, сонымен бірге гигиенистердің, психологтардың да түбегейлі ғылыми зерттеулерін қажет етеді.

Мұндай оқу құралдары тобын жасаудың қажеттілігін тек қана олардың технологиялық мүмкіндіктерінің молдығымен ғана байланыстырған дұрыс болмас еді. Өйткені, бұл сұраныстың аясында ілгері даму үстіндегі білім беру процесінің педагогикалық қажеттіліктері мен жастарға білім берудің тиімділігін одан әрі арттыру мақсаты жатыр. Солардың ішінде: студенттердің өзіндік оқу қызметінің тәжірибелерін қалыптастыру қажеттігі, білім беруді ғылыми тұрғыдан жүзеге асыру, еңбек мәдениетін, сын көзімен қараушылық көзқарасты және т.б. қалыптастыру.

Біздің ойымызша, бұл оқу құралдарының кейбір дидактика-лық мүмкіншіліктеріне ғана тоқталған дұрыс сияқты.

Мысалы, ғылыми жаратылыстану және кәсіптік-техникалық циклдердің пәндерін оқыған уақытта ғылыми информациялық технологияның негізіндегі жүйелерді (атап айтқанда: арнайы компьютерлерге қосылған қондырғылар мен берілгіш құралдар) қолданудың арқасында оқушылар ғылыми зерттеулер жүргізуге айтарлықтай мүмкіндіктер алады:

тәжірибені немесе фрагментті қажетінше қайталау; оның қажетті параметрлерін тіркеу;

ұғымдар мен ойдағы заттарды оқу материалына сәйкес түрлі формалар арқылы беру (графика, тұс, үлкейту, ди-намика және т.б.);

үлгілеудің әр түрлері (сонымен қоса эксперименттік нәтижелерді пайдалану);

мәліметтерді өңдеуді автоматтандыру;

техникалық қондырғылар мен түрлі механизмдердің қызметін атқаратын оқу роботтарының жобасын жасау.

Түрлі бағыттағы қолданбалы бағдарламаларды ойдағыдай қолдана білушілер ғылымның түрлі салаларын игеру мақсатындағы танымдық қызмет мүмкіншіліктерінің өрісін одан әрі кеңейте түседі, өйткені оқушы хабарлармен жұмыс істеуді үйреніп қана қоймайды, олар өз күштерімен графикалық жағынан да, дыбыстық жағынан да толықтырылған текстерді дайындауға тырысады. Сонымен қатар әр түрлі математикалық есептерді шешіп, түрлі жағдайлардың үлгісін жасайды, ғылыми жаратылыстану, экологиялық, экономикалық және гуманитарлық ғылымдар саласында неше түрлі тәжірибелер жасайды.

Компьютерлік телекоммуникация (электрондық пошта, телеконференциялар, аудио, видео конференциялар, Интернет жүйесі) әлемнің түпкір-түпкірінен алынған хабарлармен қамтамасыз етіп отырады.

Гипертекст технологиясы хабарлар легімен жемісті жұмыс істеуге мүмкіндік береді және хабарлардың құрылымын текстік материалдармен қатар графикалық материалдарды да қолдана отырып, өз қалауы бойынша жасай алатындай дәрежеге жетеді. Кез келген оқушы гипертекстің немесе гипермедианың (бұларды интерактив-ті мультимедиа деп те атайды) көмегіне сүйене отырып, тіпті видео дыбыстарды, гиперкадрларды қолдана отырып, статикалық бейне-лермен қатар динамикалық бейнелерді де жасай алады.

Сонымен қатар жаңа информациялық технологияны объективтік-заттық және проблемалық-болжамдық бағдарламалық құрал ретінде де пайдалануға болады.

Ерекше атап өтетін бір жайт, компьютерлік телекоммуникация негізіндегі дистанциялық (қашықтық) оқудың да болашағы зор.

Дистанциялық оқу жоғары сапалы материалдарды таратуға және оқу тәжірибесіне педагогикалық инновацияларды енгізуге (оларды жасаушыларды да тарта отырып) қолайлы жағдайлар туғызады.

Сәдібеков А. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талданды.
Қанағаттанарлық деп табамын.

Шешім:

1. ББ мазмұнын арттыруға байланысты кафедраның мүмкіндіктерін талдауға қатысты кемшіліктер жойылсын.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімі бекітілсін.
3. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс берілсін.
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау назарға алынсын.

Мәжіліс төрағасы:




Б. Сердәлі

Хатшысы

А.Сәдібеков